

Бөлек жазылатын сөздер

Қазіргі жарнама мәтіндерінде кездесуі мүмкін мына сөздер бөлек жазылады:

– *ма/ме, ба/бе, па/пе* сұраулық шылаулары әрқашан бөлек жазылады: *Жұмыс іздеп жүрсің бе? Сыйлық іздеп жүрсіз бе? Балаңыздың телефонға тәуелді болғанын қаламайсыз ба? Балаңыздың болашағының жарқын болуы үшін саналы түрде және мәжбүрлі емес, қызыға үйренуді, болашақта Қазақтың ел таныған, ел сүйсінер азаматтары Әміре Қашаубаев, Дина Нұрпейісова, Нұрғиса Тілендиев, Асылбек Еңсепов, Димаш Құдайберген сынды ел үлгі тұтар азаматтар қатарында көргіңіз келе ме? Онда, міне, сізге нағыз сыйлық қазақтың қара домбырасы, нағыз балаңызға да, дос бауырыңызға да, аға туысыңызға да, жора жолдасыңызға да мақтана берер көптің бірі емес, нағыз ұлтын сүйер Қазақ азаматтың бірі ретінде көрсетер қазақтың ұлттық мұрасы ДОМБЫРА. KASPI RED/QR төлем 0-0-12.*

– сөз бен сөзді байланыстыратын *мен* жалғаулық шылауы бөлек жазылады: *Құрметті жергілікті тұрғындар мен қала қонақтары! Сіздерді бүгінгі қала күніне арналған мерекеге шақырамыз!*

Ескерту. -мен тұлғасы көмектес септігі қызметінде тұрғанда түбір сөзге қосылып жазылады: Қасиетті Рамазан мерекесінде Додемен бірге дайындалыңыз!

– Сөйлемдегі ойды байланыстыратын, нықтау мәнін үстейтін *да, де, та, те* жалғаулық шылауы сөзден бөлек жазылады: *Қарсы алыңыздар! Аяқкиім бренді JOSINY заманауи және өзіне сенімді қыз-келіншектерге арналған. Біздің аяқкиімдер – стиль, жайлылық пен сапаның үйлесімі. Бұл сіз үшін ең жақсы таңдау екеніне көз жеткізіңіз. Біреуін сатып ал да, екіншісіне 10%-дық жеңілдік ал!*

Ескерту. Сөз жатыс септігінде тұрып, кеңістік пен уақытқа қатысты мағынаны білдіріп тұрса, сөзге қосылып жазылады: *Alser-де жомарт наурыз! Наурыздың тек 18-і мен 31-і аралығында техника мен электрониканың кең сатылымы. Мысалы, Горение кір жуғыш машинасы 12 айға бөліп төлеумен небәрі 11 666 теңгеге. 6 килограмды 15 минутта жуады. Alser. Сіздің жаныңызда.*

– түбір күйінде компоненттері бір-бірінен бөлек жазылатын анықтауышты тіркестер мен тұрақты тіркестер бөлек жазылады: *«Нұрлы жол» бағдарламасы елімізді жаһандық сынақтан сүрінбей өтізіп қоймай, ұлттық идеямыз «Мәңгілік Елге» бастайтын даңғыл жол болмақ. Дарынды балаға – даңғыл жол!*

Ескерту. Терминдік мәнге ие болған күрделі атаулар (көбіне зат есімдер) қосылып жазылады: *теміржол, теміржолшы, шырмауық* т.б. **Теміржол** билеттері, қонақүйлерді брондау, визалар www.bstravel.kz-ке хабарласыңыз. Мереке құтты болсын, құрметті **теміржолшылар!** Суретте саланың ең мәртебелі марапаты «Құрметті **теміржолшы**» белгісіне

ұсынылған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалы Никельтау станциясының пойыз құрастырушысы Марат Арыстанбаев.

– негізгі сөзге тіркескен алды, арты, асты, үсті, жаны, сырты, басы, шеті, бойы т.б. сияқты көмекші есімдер бөлек жазылады: *Құрметті алматылықтар! Қала әкімдігінің баспасөз қызметінің хабарлауына, қала басшысының тапсыруы бойынша мектептер алдынан жаяу жүргінші жолдары салынады.*

Ескерту. Алды, арты, асты, үсті көмекші есімдермен келіп, атаулық мағынаға ие болған сөздер бірге жазылады: *Назар аударыңыз! Енді К.А.С.Е. балаларды дамыту орталығында 4-6 жастағы балаларға қазақ тілінде мектепалды даярлық тобы төртінші ақпаннан бастап ашылады. Әміржан Қосановтың сайлауалды штабы. Түркістан облысында жерасты жолы пайдалануға берілді. Жерасты суларының деңгейі төмендеген жоқ.*

– күрделі сан есімдерді құрап тұрған сөздердің әрқайсысы бөлек жазылады: *Империя Меха” алғашқы рет Атырауда! Үлкен ассортиментпен, төмен бағалармен және керемет сыйлықтармен сіздерді қуантады. Жиырма жетісі мен жиырма сегізі ақпан күндері ашылу салтанаты орай алғашқы 2 күнде шуба сатып алушыларға кожаные куртки сыйлыққа беріледі. Дубленка сатып алушыларға аяқ киім сыйлыққа беріледі. 24 айға пайызсыз (%) бөліп төлеу қарастырылған, Мұса Баймұханова 64Г адресі бойынша яғни “Шах Сарайы” ресторанында сіздерді күтеміз!*

– болжалды сан есім жасауға қатысатын шақты, шамалы т.б. шылаулар да бөлек жазылады: *Ассалаумағалейкум, құрметті Алматы қаласының тұрғындары! Қалада шұғыл шаруаларыңыз болатын болса, кейбір құрметті қонақтарыңызды күту керек болса, көлігіңіз болмай қалған жағдайда, бұзылып қалған жағдайда "Алаш" авторентке хабарласыңыздар. Міндетті түрде сізге көмек қолын созады. Он шақты су жаңа көлік маркалары сізге қызмет көрсетеді.*

– күрделі етістіктердің әрбір сөзі бөлек жазылады: *Берекелі болсын, осындай тұлпарлар мініп жүріп, шаруа бітіре беріңіздер! Өнер үрдісінің әрбір қадамы маңызды. Қарапайым көмір қарындаштан бастап ең соңғы ақылды технологияларға дейін, сиқырлы сәттер мен ойлар әр мезгілде туыла алады.*

– Ресми хаттар атаулары бөлек жазылады: *ашық хат, жасырын хат, жабық хат. Осы ашық хатты ЦОН, не кеңсе арқылы Egov-пен Президент әкімшілігіне, «Осы хатта көтерілген Комиссияның құрылуын қолдаймын» деп жіберуді сұраймыз.*

Ескерту. Зат атауы ретінде *ашықхат* (открытка) сөзі бірге жазылады.

– жарнама мәтінінде кездесетін идиомалық, фразалық тіркестердің әрбір сөзі бөлек жазылады: *хас батыр, бас тартты, бет бұрды, қол ұшын берді, қол жалғады т.б.*

Ескерту. Атау сөздің орнына жүретін лексикаланған тіркестер бірге жазылады: *басқосу, атсалысу, ақкөңіл т.б.*

